

Жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 442 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9 желтоқсанда № 35454 болып тіркелді

"Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. "Жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 296 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19333 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы

Б. Ильяс

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 442 Бұйрығына
қосымша

Жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік өтінім – шығыстар көлемін негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі кезекті жоспарлы кезеңге жасайтын құжаттар жиынтығы;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі;

3) инвестициялық бағдарлама – инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуден немесе табиғи монополия субъектісі қызметінің

көрсеткіштерін қолданыстағы деңгейде сақтаудан көрінетін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық әсерлерді алу мақсатында табиғи монополия субъектісінің қолда бар активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, ұстап тұруға және жаңа активтерін құруға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

4) республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – жылу энергетикасы саласындағы уәкілетті орган;

5) субсидия алушы – табиғи монополия субъектісі болып табылатын жылумен жабдықтау субъектісі;

6) субсидиялау – халықаралық қаржы ұйымдарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге субсидия алушыға республикалық бюджеттен қайтарылмайтын төлемдерді беру;

7) субсидиялауға арналған өтінімдерді қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – үшжақты келісім (шарт) жасасу мәселесі және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауға бюджеттік қаражат беру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу бойынша субсидия алушының ұсыныстарын іске асырудың орындылығын айқындау мақсатында құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган;

8) тарифтік смета – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган) бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтері кірістерінің, шығыстарының және көлемдерінің тізбесі;

9) үшжақты келісім (шарт) – қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру туралы республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, халықаралық қаржы ұйымы мен жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің немесе субсидия алушының арасында жасалатын келісім (шарт);

10) халықаралық қаржы ұйымы (бұдан әрі – ХҚҰ) – Қазақстан Республикасының Үкіметіне – сыртқы қарыз және (немесе) грант түрінде, заңды тұлғаларға – қарыз және (немесе) кредит, кредиттік желілер, грант, техникалық көмек түрінде қаржылық немесе техникалық көмек беруді жүзеге асыратын халықаралық қаржы ұйымы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына, жылу энергетикасы және табиғи монополиялар салаларындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Жылумен жабдықтау субъектілерінің қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидиялар алу шарттары

3. Субсидиялау қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидия алушылардың шығындарын кейіннен субсидиялау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне нысаналы трансферттер беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Субсидиялар мынадай критерийлер сақталған кезде беріледі:

1) субсидия алушы – табиғи монополия субъектісі болып табылатын жылумен жабдықтау субъектісі;

2) субсидия алушыда ХҚҰ-мен инвестициялық жобаны іске асыру туралы шарттың (бұдан әрі – кредиттік шарт) болуы;

3) үшжақты келісімнің (шарттың) болуы;

4) инвестициялық жобаның және инвестициялық жобада көзделген іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі, (әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, қосылатын тұтынушылар санын ұлғайту, жұмыс орындарын (уақытша, тұрақты) құру, жылумен жабдықтау жүйелерінің тозуы мен авариялылығын азайту, тұтынушылардан алынатын дебиторлық берешекті қысқарту, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында (Салық кодексі) көзделген салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау);

5) ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидия алушының қаржының болмауы;

6) негізгі борыш бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге бекітілген тарифтік сметаларда көзделген шығындардың болмауы немесе жеткіліксіздігі.

5. Субсидиялар беру осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізіледі.

6. Субсидия алушы:

1) дұрыс және негізделген есептеулердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;

2) қаражатты ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге ғана пайдаланады;

3) қарыз мерзімі ішінде ХҚҰ қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстарды көздейтін тарифтік сметаны қоса бере отырып, оның қолданылу мерзімі

аяқталғаннан кейін тарифті бекітуге табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтінім беруді қамтамасыз етеді.

7. Субсидиялар мерзімі өткен несие берешегі бойынша есептелген және төленген пайыздарды төлеу жөніндегі шығындарды өтеуге, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу мақсатына, шаруашылық қызметінің шығындарын және субсидия алушының салық міндеттемелерін жабуға берілмейді.

8. Қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын іске асыруға тартылған ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге бөлінетін субсидиялардың мөлшері табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган бұрын бекіткен тарифтік сметаның және табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен алдын ала келісілген тарифтік сметаның шығындары арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тарифтік сметаларда бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға тартылған ХҚҰ қарызының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге қаражат болмаған кезде субсидия мөлшері субсидия алушының бекітілген инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыруға тартылған ХҚҰ қарызының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге көзделген шығындар деңгейінде анықталады.

Бұл ретте ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге бөлінетін субсидиялардың жалпы көлемі ХҚҰ қарызы бойынша негізгі борыш сомасынан аспауға тиіс.

9. Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган субсидиялардың қажетті көлемін азайтуға ықпал ететін ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге арналған шығындарды көздейтін тарифтік сметаны бекіткен кезде субсидиялардың бұрын мақұлданған сомасы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен субсидия алушы берген өтінім негізінде қайта қаралады.

2-параграф. Субсидиялар беру тәртібі

10. Субсидия беру үшін республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құрамына республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің құрылымдық бөлімшесінің, мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қоғамдық кеңесінің, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің өкілдерін қоса алғанда, тәуелсіз байқаушылар кіретін, кемінде 7 (жеті) адамнан тұратын комиссия құрады.

Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің басшысы комиссияның төрағасы болып табылады.

Комиссияның хатшысы республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлерінің ішінен анықталады. Комиссияның хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның хатшысы төрағамен келісу бойынша комиссияның отырыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, отырыстың өткізілетін орнын, күнін және уақытын белгілейді, комиссияның мүшелеріне алдағы өтетін отырыс туралы хабарлайды, комиссияның мүшелеріне отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды ұсынады.

Комиссияның отырысы, егер оған оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссияның мүшесі, егер оның тікелей немесе жанама мүдделігі болса, отырысқа қатыспайды және бас тартуға жатады (өздігінен бас тартады).

Комиссия мүшесінің өздігінен бас тартуы (бас тарту) туралы шешімді комиссия отырыстарға қатысып отырған мүшелерің көпшілік дауысымен жазбаша нысанда қабылдайды және комиссияның мүшелері қатысып отырғанда жария етеді.

11. Субсидия алушы республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қолда бар активті кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаны іске асыру туралы ұсынысы бар ілеспе хат жолдайды.

Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидия алушыдан хатты тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидия алушының ұсынысын комиссияның қарауына шығарады, ол 10 (он) жұмыс күні ішінде осы ұсынысқа объективті және жан-жақты бағалау жүргізеді және комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен осы ұсынысты іске асырудың орындылығы туралы ұсыным шығарады.

12. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша субсидия алушының ұсынысы комиссияның қарауына шығарылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оң немесе теріс ұсыныммен (еркін нысанда) хаттама ресімделеді.

13. Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі комиссия отырысының хаттамасы ресімделген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оң немесе теріс шешім қалыптастырады және субсидия алушыға жазбаша нысанда жауап жібереді.

14. Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің оң шешімі негізінде субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне субсидия алуға өтінім жібереді, онда мынадай құжаттар болады:

- 1) субсидия алушының бірінші басшысы қол қойған ілеспе хат (еркін нысанда);
- 2) субсидия беру қажеттілігі туралы түсіндірме жазба (ХҚҰ-мен жүргізілетін жұмыс туралы ақпаратпен, субсидия бөлінген (бөлінбеген) жағдайда табиғи

монополиялар саласындағы уәкілетті органмен келісілген көрсетілетін қызметтерге тарифтің шамасын талдаумен);

3) үшжақты келісімнің жобасы (шарт);

4) кредиттік шарттың жобасы (өтеу графигімен бірге);

5) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттама;

6) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысымен техникалық-экономикалық негіздеме;

7) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін және жылумен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі;

8) ХҚҰ-мен келісілген тиісті кезеңге негізгі борышты өтеудің пайыздық мөлшерлемесіне қызмет көрсету есептеулері;

9) бұрын бекітілген тарифтер мен тарифтік смета бұйрықтарының көшірмелері;

10) бекітілген инвестициялық бағдарламалары бұйрықтарының көшірмелері (бар болған кезде);

11) тарифтік сметалардың орындалуы туралы есеп;

12) кредит беруші банктер алдында мерзімі өткен берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы анықтама. Анықтама берілген күн құжат ұсынылған сәтте үш айдан аспауға тиіс;

13) қарыз алушының салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы тиісті салық органы анықтамасының көшірмесі. Анықтаманың берілген күні құжаттар ұсынылған сәтте үш айдан аспауға тиіс.

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудитке жататын субсидия алушы соңғы 3 (үш) жылдағы қаржылық есептіліктің аудиторлық есебін ұсынады.

Жоғарыда аталған құжаттар тігіледі, нөмірленеді және оларға субсидия алушы басшысының (немесе оны алмастыратын адамның) қолы қойылады.

Бұл ретте осы тармағының 1), 2) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға субсидия алушының бірінші басшысы (немесе оны алмастыратын адам) және бас бухгалтері қол қояды.

15. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидия алушы жіберген субсидия алуға арналған өтінімді тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар топтамасын тексереді, субсидия алуға арналған өтінімді тіркейді және субсидия алуға арналған өтінімді қарау мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

Субсидия алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) дұрыс емес ақпарат берген жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісі құжаттар топтамасын қарау мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей субсидия алуға арналған өтінімді қайтару себебін көрсете отырып, субсидия алушыға ескерулерді жою үшін жазбаша нысанда қайтарады.

16. Субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттардың толық еместігі және (немесе) дұрыс емес ақпарат берілгені туралы хабарлаған сәттен бастап жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ескертулерін ескере отырып, құжаттардың толық топтамасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттар топтамасын қабылдайды, субсидия алуға арналған өтінімді қайта қалыптастырады және республикалық бюджеттік бағдарламасының әкімшісіне ескертулер жойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жолдайды.

Субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттардың толық еместігі және (немесе) дұрыс емес ақпарат берілгені туралы хабарлаған сәттен бастап жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ескертулерін ескере отырып, құжаттардың толық топтамасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынбаған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидия алуға арналған өтінімді қарауды тоқтатады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидия алушыға бас тарту туралы алдын ала шешімге ұстанымын білдіруге (тындауға) мүмкіндік береді, субсидия алушы бұл туралы субсидия алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

17. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жіберген субсидия алуға арналған өтінімді тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті өтінімді комиссияның қарауына шығарады.

18. Комиссия 15 (он бес) жұмыс күні ішінде субсидия алушылардың есептеулеріне объективті және жан-жақты бағалау жүргізеді, республикалық бюджет қаражаты есебінен ХҚҰ пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау мүмкіндігіне есептейді және комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен үшжақты келісім (шарт) жасасудың орындылығы туралы ұсынымдар шығарады.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша оң немесе теріс ұсыныммен (еркін нысанда) хаттама ресімделеді.

19. Субсидия алушының ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын есептеулері сәйкес келмеген кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі комиссия отырысының хаттамасы қалыптастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні

ішінде жазбаша түрде қайтару себептерін көрсете отырып, ескертулерді толық жою үшін субсидия алушыға хабарлама жолдайды. Субсидия алушы хабарлама түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Қағидалардың 17 және 18-тармақтарында белгіленген тәртіппен есептеулерді қайта қарау үшін жолдайды.

20. Комиссияның ескертулері жойылмаса, құжаттар қайта қарауға енгізілмесе немесе осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес комиссияның қайта қарауына енгізу мерзімдері бұзылған кезде Комиссия теріс ұсынымдармен тиісті хаттаманы ресімдей отырып, субсидия алушының есептеулерін қарауды тоқтатады.

21. Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Комиссия отырысының хаттамасы ресімделген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оң немесе алдын ала теріс шешім қалыптастырады.

22. Оң шешім болған кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

комиссия отырысы хаттамасының көшірмесін қоса бере отырып, субсидия алушыға және жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне шешім ресімделген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен немесе субсидия алушымен және ХҚҰ-мен қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру туралы үшжақты келісім (шарт) жасасуға әзірлігі туралы жазбаша нысанда хабарлама жібереді;

субсидия алушыға және жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттік өтінімді қалыптастырады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

23. Алдын ала теріс шешім болған кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ҚР ӘРПК 73-бабына сәйкес субсидия алушыға алдын ала теріс шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, бұл туралы субсидия алушыға алдын ала теріс шешім қалыптастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бірақ теріс шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жолдайды.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау қорытындысы бойынша:

оң шешім қабылдаған кезде республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген шараларды қабылдайды;

теріс шешім қабылданған кезде республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі алдын ала теріс шешімге тыңдау аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидия алушыға және бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жазбаша нысанда хабарлама жолдайды.

24. Комиссияның оң шешімі болған кезде субсидия берудегі теріс шешімнің себебі тиісті қаржылық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында инвестициялық жобаны іске асыруға тартылған ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге субсидия бөлуге арналған қаржыландырудың болмауы.

25. Тиісті қаржылық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында субсидия алушының инвестициялық жобасын іске асыруға тартылған ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеуге субсидия бөлуге арналған қаржыландыру болмаған кезде республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидия алушы мен жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне жазбаша нысанда хабарлайды.

26. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қаражат беру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

27. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі нысаналы трансферттер түрінде қаражатты ХҚҰ қарыздарының негізгі борышы бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін өтеу арқылы субсидия алушылардың шығындарын кейіннен субсидиялау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

28. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті кезеңге бірінші басшысы (немесе оны алмастыратын тұлға) бекіткен, ХҚҰ-мен келісілген субсидия алушының есептеулері және ХҚҰ төлем шоттары негізінде субсидиялау шартына сәйкес субсидия төлеуді жүргізеді.

Өткен қаржы жылында бюджет қаражаты пайдаланылмаған немесе толық пайдаланылмаған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін жоғары тұрған бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді.

29. Субсидия алушы жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінен субсидия алған кезде ХҚҰ төлем шотында көрсетілген мерзімде ХҚҰ төлемін жүргізеді.

30. Бөлінген субсидияларды нысаналы пайдалану бойынша есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14613 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК